




Қазақстан Республикасы Стратегиялық жоспарлау және
реформалар агенттігінің
Ұлттық статистика бюросы

Бәсекелестік жай-күйінің талдамалық картасы

Эксперименттік статистика
№2024-03 жұмыс мақаласы

Астана 2024



Эксперименттік статистика туралы

Эксперименттік статистика – бұл **тестілеу сатысында тұрған және ресми статистикаға кірмейтін** көрсеткіштер мен құралдар. Көрсеткіштер мен құралдар инновациялық әдістерге және/немесе жаңа деректер көздеріне негізделген. Кері байланыс жинауды ескере отырып, соңғы әдіснаманы қалыптастыру процесінде тәсілдер мен нәтижелер өзгеруі мүмкін.

Жетілу дәрежесі де, нәтижелердің сапасы да ресми статистикадан өзгеше, әсіресе үйлестіру, қамту және әдістемеге қатысты. Дегенмен, бұл нәтижелер кейінірек ресми статистикаға айналуы мүмкін әртүрлі статистикалық тақырыптарды қарастырудың жаңа және қызықты жолдарын ұсынады.

Осылайша, эксперименттік статистика **жаңа тәсілдерді тестілеуге** және пайдаланушылардан кері байланыс жинауға арналған және сәйкесінше оны ресми статистикалық ақпарат ретінде пайдалану мүмкін емес.

Эксперименттік статистика шеңберінде «Мемлекеттік статистика туралы» 2010 жылғы 19 наурыздағы № 257-IV Қазақстан Республикасы Заңының «Ұсынылатын деректердің құпиялылық және қорғалу кепілдіктерін қамтамасыз ету» 8-бабының 1-7-тармақтарына сәйкес пайдаланылатын **бастапқы статистикалық деректердің құпиялылығы** сақталады.

Түйінді тұстар

- Қазақстанда бәсекелестіктің жай-күйіне жедел талдау жүргізу мақсатында **«Бәсекелестік жай-күйінің талдамалық картасы» интерактивті дашборд әзірленді.**

- Бұл құрал бірқатар көрсеткіштер бойынша (өндіріс көлемі, ішкі жөнелту, қалдықтар, экспорт және импорт, сондай-ақ жекелеген нарықтарға тән көрсеткіштер бойынша) **нарықтарға жан-жақты талдау жүргізуге** және екі индикатордың: 1) **шоғырлану коэффициенті** (берілген көрсеткіш бойынша нарықтың топ-3, топ-5 немесе топ-10 қатысушыларының үлесі ретінде есептелетін); 2) **Герфиндаль-Хиршман индексі** көмегімен жалпы Қазақстан Республикасы бойынша және өңірлер бөлінісінде нарықтардағы бәсекелестік пен экономикалық шоғырланудың жай-күйін бағалауға мүмкіндік береді.

- Интерактивті дашбордты пайдалана отырып талдау Қазақстан Республикасының 17 тауар нарығы бойынша жүргізілді. Нәтижесінде **ел деңгейінде 17 нарықтың 9-ы бәсекелестік белсенділігі төмен, шоғырлану дәрежесі жоғары нарықтар ретінде сипатталатыны және құзыретті органдар тарапынан ерекше назар аударуды талап ететіні анықталды** (мұнай өңдеу өнімдері, дәмдеуіштер (йодталған тұз), байланыс қызметтері, әуе және теміржол жолаушылар тасымалы және басқалары). Екі нарықта шоғырланудың орташа және алты нарықта шоғырланудың төмен дәрежесі анықталған.

- **Интерактивті дашбордтың нәтижелері Қазақстан Республикасының Бәсекелестікті қорғау және дамыту агенттігінің 2022 және 2023 жылдардағы бәсекелестік жағдайы туралы есептерінің қорытындыларымен корреляцияланады, бұл дашбордта қолданылатын бәсекелестік жағдайын бағалау тәсілінің сенімділігінің көрсеткіші болып табылады.**

- Құрал Қазақстан Республикасының нарықтарындағы **бәсекелестіктің жай-күйіне жедел талдау және мониторинг жүргізу және бизнес, инвестициялық стратегиялар мен реттеуші органдар үшін негізделген шешімдер қабылдау үшін пайдалы болады.**

- Дашборд **эксперименттік статистиканың** нәтижесі болып табылады және жаңа әдістерді тестілеу және пайдаланушылардан кері байланыс алуға арналған, сондықтан оны статистикалық ақпараттың ресми көзі ретінде қарастыруға болмайды.

1. Кіріспе

Қазақстан Республикасы Стратегиялық жоспарлау және реформалар агенттігінің Ұлттық статистика бюросы (бұдан әрі – Бюро немесе СЖЖРА ҰСБ) 2023-2025 жылдарға арналған мемлекеттік статистика мен ұлттық деректер экожүйесін дамытудың жол картасын орындау шеңберінде деректерді талдауға **эксперименттік тәсілдерді** әзірлеу және енгізу, деректерге қолжетімділікті кеңейту және пайдаланушылардың қажеттіліктерін қанағаттандыру мақсатында талдамалық құралдарды енгізу бойынша жұмыстарды жүргізеді.

Осы бағыт шеңберінде Бюро Қазақстан Республикасының нарықтарындағы бәсекелестікке кешенді талдау жүргізуге мүмкіндік беретін интерактивті дашборд – *Бәсекелестік жай-күйінің талдамалық картасын* (бұдан әрі – дашборд) әзірледі.

Салалық нарықтардың ағымдағы жағдайы бойынша ашық және қолжетімді ақпарат бәсекелестікті дамытудың негізгі шарттарының бірі болып табылады. Бюро статистика сала сындағы уәкілетті орган ретінде экономиканың барлық салалары бойынша көрсеткіштердің едәуір санын қалыптастырады. Алайда, нарықтағы бәсекелестіктің жай-күйіне бірыңғай цифрлық баға беруге мүмкіндік беретін шоғырлану коэффициенттері және Герфиндаль-Хиршман индексі сияқты бәсекелестік жай-күйінің индикаторлары ресми статистика тізбесіне кірмейді және көрсеткіштердің кешенділігіне және халықаралық бекітілген әдіснаманың болмауына байланысты статистикалық кеңселер қалыптастырмайды.

Әзірленген дашборд жоғарыда аталған екі индикаторды (шоғырлану коэффициенті және Герфиндаль-Хиршман индексі) қолдана отырып, нарықтардағы бәсекелестік жағдайын жан-жақты және көрнекі талдауға қол жеткізуге мүмкіндік береді, осылайша әртүрлі стейкхолдерлердің (бизнес және корпорациялар, инвесторлар, реттеушілер, сарапшылар қауымдастығы және т.б.) шешім қабылдауы үшін маңызды құрал болып табылады.

2. Дашборд деректері

Дашборд 17 нарық, оның ішінде 13 өнеркәсіп нарығы және 4 қызмет нарығы туралы ақпаратты қамтиды. Нарықтарды таңдау тауарлардың (жұмыстардың, қызметтердің) әлеуметтік маңыздылығына, тұтынушыларға әсер ету дәрежесіне, саланың стратегиялық маңыздылығына, сондай-ақ талдау жүргізу үшін қажетті деректердің қолжетімділігіне негізделген.

Дашборд құрылымы келесі функционалды бөлімдерден тұрады (1-кесте).

1-кесте. «Бәсекелестік жай-күйінің талдамалық картасы» дашбордының құрылымы

Бөлім номері	Бөлімнің атауы
1	Бәсекелестік жағдайын бағалау әдіснамасы
2	Өнеркәсіп нарықтары: өндірістік көрсеткіштер
3	Өнеркәсіп нарықтары: сыртқы сауда көрсеткіштері
4	Ұялы байланыс қызметтері нарығы
5	Әуе және темір жол қызметтері нарығы
6	Тұрғын үй құрылысы нарығы

Нарықпен қамтылған **көрсеткіштер** бәсекелестіктің жай-күйіне талдау жүргізу үшін олардың қажеттілігін және деректердің қолжетімділігін ескере отырып таңдалды.

Өнеркәсіп нарықтары бойынша ақпарат өндірістік көрсеткіштер (заттай көріністегі өндіріс көлемі, ішкі жөнелту, қалдықтар) және сыртқы сауда көрсеткіштері (құндық көріністегі экспорт және импорт) бойынша ұсынылған. Өнеркәсіп нарықтары бойынша көрсеткіштердің деректері 4 таңбалы ӨӨСЖ коды (Өнеркәсіптік өнімдердің (тауарлардың, көрсетілетін қызметтердің) анықтамалығы) деңгейінде ұсынылған, оның ішінде өндіріс көрсеткіштері бойынша ӨӨСЖ 9 таңбалы кодына дейін нақтылауға болады.

Қызмет көрсету нарықтарының әрқайсысы бойынша ақпарат нарыққа тән көрсеткіш/көрсеткіштертер бойынша ұсынылған.

Дашборд деректерінің уақыттық қамтылуы мен жиілігі деректердің қолжетімділігіне байланысты нарықтар бойынша өзгереді. Нарықтар мен нарықтар бойынша пайдаланылатын көрсеткіштердің тізімі және деректердің уақыттық қамтылуы «Тауар нарықтары, көрсеткіштер және дашборд деректерін қамту кезеңі» 1-қосымшасында көрсетілген.

Дашбордта қолданылатын көрсеткіштердің сипаттамасы «Көрсеткіштер сипаттамасы» 2-қосымшасында көрсетілген.

Деректер динамикада да, Қазақстан Республикасының 20 өңірі бойынша өңірлік бөліністе де қолжетімді.

Деректер көзі СЖЖРА ҰСБ-ның есеп беру нысандары болып табылады. Деректер көздерінің нысандары бойынша толық ақпарат «Интерактивті дашборд деректер көздері» 3-қосымшасында берілген.


«Мемлекеттік статистика туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 8-бабының 5-тармағына сәйкес, респондентті тікелей немесе жанама анықтауға немесе ол туралы бастапқы статистикалық деректерді айқындауға мүмкіндік беретін статистикалық ақпарат және дерекқор құпия болып табылады және ол респонденттің келісімі болғанда ғана таратылуы мүмкін. Осыған сәйкес жекелеген нарықтар бойынша ақпарат дашбордта көрсетілмеген.

Сондай-ақ, статистикалық нысандарды жинау ерекшеліктерін ескере отырып, деректердің бір бөлігі іріктеуге негізделгенін атап өткен жөн, сондықтан нәтижелердегі дәлсіздіктер тәуекелі жоққа шығарылмайды.

Деректер дашбордтың 2-6 бөлімдерінде төрт графикте көрсетілген (1-сурет).

Бірінші график (жоғарғы сол жақта) – *Көрсеткіштің үлестіру картасы*, таңдалған көрсеткіш мәндерінің аймақтық таралуын көрнекі түрде көрсетеді. Карта 2022 жылғы жағдай бойынша өзекті өңірлік бөлуді көрсетеді. Айта кету керек, 2022 жылы үш жаңа облыс құрылды: Абай, Жетісу және Ұлытау. Олар бойынша 2021 жылға дейінгі деректер сол уақыт кезеңінде олар құрамында болған облыстарда ескеріледі: тиісінше Шығыс Қазақстан, Алматы және Қарағанды облыстары.

1-сурет. Дашборд макеті



Екінші график (жоғарғы оң жақта) – *Көрсеткіш динамикасы* – деректер қол жетімді кезеңдегі көрсеткіштің динамикадағы өзгеруін көрсетеді.

Келесі екі график (төменнен) – *Көрсеткіш бойынша нарықтық шоғырлану коэффициенті* және *Көрсеткіш бойынша Герфиндаль-*

Хиршман индексі – таңдалған нарықтағы бәсекелестік жағдайын талдауға мүмкіндік береді. Көрсетілген екі көрсеткіш есептік көрсеткіш болып табылады.

3.Бәсекелестік жағдайын бағалау әдіснамасы

Бәсекелестіктің жай-күйін және нарықтардағы экономикалық шоғырлануды бағалау үшін интерактивті дашбордта келесі екі есептік көрсеткіш (индикатор) пайдаланылды:

1) нарықтық шоғырлану коэффициенті (CR, concentration ratio).

2) Герфиндаль-Хиршман индексі (ННІ индексі).

Екі көрсеткіш те белгілі бір кезеңдегі, соның ішінде аймақтық деңгейдегі нарықтардың шоғырлануын өлшеу үшін қолданылады және нарықтың шоғырлануына бірыңғай цифрлық баға береді. Бұл көрсеткіштер нарықтардың құрылымдық және динамикалық сипаттамаларын анықтауға, ықтимал тәуекелдер мен мүмкіндіктерді анықтауға, сондай-ақ шоғырлануды басқа нарықтармен және салалармен салыстыруға мүмкіндік береді.

Бәсекелестіктің жай-күйін өлшеудің классикалық тәсілінде, сондай-ақ Қазақстан Республикасы Бәсекелестікті қорғау және дамыту агенттігі Төрағасының 2022 жылғы 3 мамырдағы № 13 бұйрығымен бекітілген Тауар нарықтарындағы бәсекелестіктің жай-күйіне талдау жүргізу жөніндегі әдістемеді CR және ННІ көрсеткіштері тауарды өткізу (жеткізу) көлемі бойынша есептеледі.

Сонымен, жоғарыда аталған әдістемеге сәйкес шоғырлану коэффициенті (CR) тауарды өткізу (жеткізу) көлемінің ірі өнім берушілердің белгілі бір санымен осы тауар нарығындағы барлық өнім берушілердің тауарды өткізудің (жеткізудің) жалпы көлеміне пайыздық қатынасы ретінде есептеледі.

Герфиндаль-Хиршман нарықтық шоғырлану индексі (ННІ) нарықта жұмыс істейтін барлық кәсіпорындардың сату үлестерінің квадраттарының қосындысы ретінде есептеледі.

Алайда, деректердің жеткіліксіздігі себебінен тауарларды өткізу (жеткізу, сату) көлемі бойынша ақпарат дашбордпен қамтылмаған. Сондықтан, балама ретінде, дашбордтағы индикаторларды есептеу 1-қосымшадағы көрсеткіштер негізінде жүзеге асырылады.

Осылайша, шоғырлану коэффициентін есептеу дашбордта пайдаланылған барлық көрсеткіштер негізінде жүргізіледі.

ННІ индексін есептеу өнеркәсіп нарықтары үшін «Өндіріс көлемі» көрсеткіші бойынша¹ және қызмет көрсету нарықтары үшін сол нарықтарға тән көрсеткіштер бойынша жүргізілді.

Өнеркәсіп нарықтары бойынша есептеулерде жеткізу көлемінің орнына өндіріс көлемін қолдану тауарлардың бір бөлігі экспортталуы мүмкіндігіне байланысты өндірілген тауарлардың барлығы ішкі нарықта сатылмауы ықтималдығын, сондай-ақ тауарлардың ықтимал импортының көлемі ескерілмейтінін білдіреді.

Өндірушілер бойынша ННІ есептеу өндіріс сатысындағы шоғырлануды бағалау және кіру кедергілерін анықтау үшін пайдалы болуы мүмкін. Дегенмен, бұл тәсілдің шектеулері бар екенін және нарықтық динамиканы толық көрсетпеуі мүмкін екенін есте ұстаған жөн, әсіресе сату және тарату деңгейіндегі шоғырлану айтарлықтай өзгеше болса. Сондықтан дашбордтың индикаторлары бәсекелестік жағдайының прокси-индикаторы ретінде қабылдануы керек.

Сонымен, **нарықтық шоғырлану коэффициенті (CR)** өнеркәсіп (қызмет көрсету) нарықтары үшін ірі өндірушілердің белгілі бір санының өндіріс көлемінің (нарыққа тән көрсеткіштің) осы тауар нарығындағы барлық өндірушілердің жалпы өндіріс (нарыққа тән көрсеткіш) көлеміне пайыздық қатынасы ретінде есептеледі. Индикатордың мәні неғұрлым жоғары болса, нарықтағы шоғырлану соғұрлым жоғары болады, яғни нарықтағы бәсекелестік аз болады.

Дашбордта үш (топ-3 немесе CR-3 үлесі), бес (топ-5 немесе CR-5 үлесі) және он (топ-10 немесе CR-10 үлесі) нарықтағы ең ірі қатысушылардың шоғырлану деңгейлері қолданылады.

$CR(N) = \text{нарықтың ең ірі } N \text{ қатысушыларының өндіріс (нарыққа тән көрсеткіш) көлемі} / \text{нарықтың барлық қатысушыларының жалпы өндіріс (нарыққа тән көрсеткіш) көлемі.}$

Мысалы, «Өндіріс көлемі» көрсеткіші бойынша топ-3 үлесі:

$CR(3) = \text{нарықтың ең ірі үш қатысушысының өндіріс көлемі} / \text{нарықтың барлық қатысушыларының өндіріс көлемі.}$

Герфиндаль-Хиршман Индексі (индекс ННІ) нарықта жұмыс істейтін барлық кәсіпорындардың өндіріс (нарыққа тән көрсеткіш) үлестерінің квадраттарының қосындысы ретінде есептеледі және үлестермен немесе пайыздармен өлшенуі мүмкін.

Герфиндаль-Хиршман индексін есептеу формуласы:

¹ Дашбордтың 2-бөлімінде «Өнеркәсіп нарықтары: сыртқы сауда көрсеткіштері» топ-3 үлесі мен ННІ индексін есептеу «Импорт көлемі» және «Экспорт көлемі» көрсеткіштері негізінде де жүргізілді.

$$HHI = \sum_{i=1}^n Si^2 \times 100$$

Si – жалпы өндіріс көлеміндегі i -ншы кәсіпорынның өндіріс (нарыққа тән көрсеткіш) көлемі бойынша үлесі;

n – нарықтағы қатысушылар саны.

Солайша, бір компаниясы бар (*монополия*) нарық үшін HHI 1-ге тең, ал HHI 0-ге жақын болса, нарық үлесі төмен компаниялардың көптігін (*кәміл бәсекелестік*) білдіреді. Яғни, HHI жоғары мәндері шоғырланудың жоғары дәрежесін және нарықтағы бәсекелестіктің төмендігін көрсетеді.

Нарықтық шоғырлану коэффициенті (CR) және Герфиндаль-Хиршман индексі (HHI) мәндеріне сәйкес **нарықтар шоғырлану дәрежесі бойынша үш түрге бөлінеді:**

Нарық түрі	CR	HHI
Жоғары шоғырланған нарықтар (монополияға жақын)	70% < CR-3 < 100%	0,2 < HHI < 1
Орташа шоғырланған нарықтар	45% < CR-3 < 70%	0,1 < HHI < 0,2
Төмен шоғырланған нарықтар (бәсекеге қабілетті)	CR-3 < 45 %	HHI < 0,1

Екі көрсеткіш те шоғырлануды өлшейді және олардың арасында күшті корреляция бар. Алайда HHI барлық компанияларды ескереді және әр компанияның үлесі ұлғайған сайын сызықты емес түрде өседі (квадраттау арқылы). CR тек бірнеше ірі компанияларды қарастырады және олардың жалпы үлесін өлшейді.

Сондықтан бәсекелестік жағдайын бағалау кезінде екі көрсеткіш те жиі талданады: доминантты ойыншыларды тез анықтап алу үшін CR және жалпы шоғырлануды бағалау үшін HHI қолданылады

Сонымен қатар HHI және CR есептеулеріндегі айырмашылықтар бір көрсеткіштің, мысалы, орташа шоғырлануды, ал екіншісінің жоғары шоғырлануды көрсететін жағдайларға әкелуі мүмкін.

4. Нәтижелер

Интерактивті дашбордты қолдана отырып, нарықтардағы бәсекелестік жағдайын талдау

Нарықтардағы бәсекелестік жағдайын талдау нарықтағы ең ірі үш қатысушының шоғырлану коэффициентінің (CR-3) және Герфиндаль-Хиршман индексінің (HHI) мәндері негізінде жүргізілді. Осы бөлімде өнеркәсіп нарықтары үшін «Өндіріс көлемі» көрсеткіші негізінде және қызмет көрсету нарықтары үшін сол нарықтарға тән көрсеткіштер негізінде есептелген екі аталып өткен индикатор бойынша деректер пайдаланылды.

Талдауға барлығы 17 тауар нарығы кіреді (1-қосымшаға сәйкес). Интерактивті дашбордты қолдана отырып жүргізілген талдау нарықтарды шоғырлану деңгейіне сәйкес 3 түрге (жоғары, орташа және төмен) бөлуге мүмкіндік берді.

2-кестеде HHI индексі мәндеріне сәйкес үлкеннен кішіге дейін шоғырлану дәрежесі бойынша топтастырылған нарықтар және нарықтар бойынша бәсекелестік көрсеткіштерінің ел деңгейіндегі сәйкес мәндері (HHI индексі және топ-3 үлесі) көрсетілген.

2-кесте. Нарықтар мен 2023 жылғы бәсекелестік жағдайының көрсеткіштері


#	Нарық атауы	HHI индексі	Топ-3 үлесі
I. Жоғары шоғырланған нарықтар:			
1	Дәмдеуіштер (йодталған тұз)	0,86	99,6%
2	Жолаушыларды әуе көлігімен тасымалдау	0,48	100,0%
3	Жолаушыларды темір жол көлігімен тасымалдау	0,43	85,0%
4	Ұялы байланыс	0,35	100,0%
5	Мұнай өңдеу өнімдері	0,28	91,6%
6	Қант (қызылша және қамыс қанты-түйіршік)	0,27	80,2%
7	Фармацевтикалық препараттар (дәрі-дәрмектер)	0,27	63,4%
8	Тас көмір	0,24	63,3%
9	Майлар (күнбағыс майы)	0,21	68,0%
II. Орташа шоғырланған нарықтар:			
10	Өңделген және консервіленген үй құс еті	0,18	67,4%
11	Ұн тарту өнеркәсібінің өнімдері (ұн және қарақұмық жармасы)	0,15	59,0%
III. Төмен шоғырланған нарықтар:			
12	Электр энергиясы	0,09	37,9%
13	Цемент	0,09	39,1%
14	Жаңа піскен нан, кондитерлік өнімдер мен торттар (1-сұрыпты бидай ұнынан жасалған нан)	0,05	33,2%
15	Сүт және ірімшік өнімдері	0,04	23,3%
16	Тұрғын үй құрылысы	0,02	16,9%
17	Тауарлық бетон	0,02	12,3%

Дереккөз: «Бәсекелестік жай-күйінің талдамалық картасы» интерактивті дашбордтың деректері

Ескертпе: қызметтер нарықтары бойынша деректер (кестенің # 2,3,4,16 нарықтары) дашбордта ай бойынша ұсынылғандықтан, олар бойынша «ННІ индексі» және «Топ-3 үлесі» көрсеткіштерінің жылдық мәні осы көрсеткіштердің айлар бойынша орташа арифметикалық мәні ретінде есептелген (қалған нарықтар бойынша жылдық көрсеткіштермен салыстыру мақсатында)

2-суретте нарықтардың ННІ және топ-3 үлесінің мәндеріне сәйкес олардың ел деңгейіндегі шоғырлану дәрежесі бойынша бөлінуі айқын көрсетілген.

2-сурет. Нарықтарды шоғырлану дәрежесі бойынша бөлу



Дереккөз: «Бәсекелестік жай-күйінің талдамалық картасы» интерактивті дашбордтың деректері

ННІ мәндеріне сәйкес талданатын 17 нарықтың 9-ы жоғары шоғырланған (яғни бәсекелестік деңгейі төмен), екі нарық орташа шоғырланған және алты нарық төмен шоғырланған болып анықталды¹.

¹ 1-суретке сәйкес көмір нарығы, фармацевтикалық нарық және майлар нарығы ННІ индексі бойынша жоғары шоғырланған нарықтарға жатады, сонымен бірге топ-3 үлесі бойынша орташа шоғырланған нарықтарға жатады. Бұл жағдай әдістеме бөлімінде айтылғандай, екі көрсеткіш бойынша нарықтағы шоғырлануды есептеудегі айырмашылықтарға байланысты орын алады.

Сондай-ақ, талдау нәтижелерін айқас тексеру үшін дашборд нәтижелерін 2022 және 2023 жылдардағы ҚР БҚДА бәсекелестігі туралы есептердің¹ нәтижелерімен салыстыру көрсетілген есепте қамтылған нарықтар бойынша жүргізілді (БҚДА есебінен дашбордта қамтылған нарықтармен салыстырмалы немесе салыстырмалы түрде ұқсас болып табылатын нарықтар таңдалды).

Дашбордта және ҚР БҚДА есебінде пайдаланылатын бәсекелестік жай-күйінің индикаторларын талдаудағы мынадай айырмашылықтарды атап өту қажет:

- индикаторларды есептеу үшін негіздер мен деректер: ҚР БҚДА индикаторларды нарық субъектілерінен тікелей сұратылатын деректер негізінде «Өткізу көлемі» көрсеткіші бойынша есептейді (Тауар нарықтарындағы бәсекелестіктің жай-күйіне талдау жүргізу әдістемесіне сәйкес), ал дашбордта индикаторлар ҚР СЖЖРА ҰСБ деректеріндегі «Өндіріс көлемі» көрсеткіші бойынша есептелген.

- жекелеген нарықтар бойынша талдау деңгейлері: бірқатар нарықтар бойынша (дәрілік заттарды өткізу, электр энергиясын көтерме және бөлшек саудада өткізу, тұрғын үй құрылысы, коммуналдық-тұрмыстық қажеттіліктер үшін көмірді өндіру және көтерме саудада өткізу нарықтары) ҚР БҚДА есептерінде бәсекелестіктің жай-күйін тек өңірлік деңгейде бағалау келтіріледі. Осыған байланысты, көрсетілген нарықтар бойынша алынған нәтижелерді салыстыру мақсатында дашборд деректерін қолдану арқылы есептелген ННІ және шоғырлану коэффициентінің өңірлер бойынша орташа көрсеткіштері пайдаланылды.

Талдау тәсілдеріндегі көрсетілген айырмашылықтарға қарамастан, салыстырмалы талдау нарықтардың шоғырлану дәрежесіне қатысты дашбордтың қорытындылары мен ҚР БҚДА есебіндегі қорытындылар сәйкес келетінін көрсетті. Сондай-ақ интерактивті дашборд деректері бойынша алынған бәсекелестік жағдайы көрсеткіштерінің мәндері (СР және ННІ), ҚР БҚДА пайдаланатын бәсекелестік жай-күйі индикаторларының мәндерімен салыстырмалы түрде бір диапозонда орналасқан. ҚР БҚДА есебінің

¹ Қазақстан Республикасы Бәсекелестікті қорғау және дамыту агенттігінің «2022 жылғы жекелеген тауар нарықтарындағы бәсекелестіктің жай-күйі және монополистік қызметті шектеу жөнінде қолданылатын шаралар туралы» есебі және Қазақстан Республикасы Бәсекелестікті қорғау және дамыту агенттігінің «2023 жылғы жекелеген тауар нарықтарындағы бәсекелестіктің жай-күйі және монополистік қызметті шектеу жөнінде қолданылатын шаралар туралы» есебі

нәтижелерімен салыстырудың егжей-тегжейлі талдауы *4-қосымшада* келтірілген.


Осылайша, интерактивті дашбордта қолданылатын есептік индикаторлар нарықтардағы бәсекелестіктің жай-күйін бағалаудың сенімді прокси-индикаторлары ретінде қолданыла алады деген қорытынды жасауға болады.

Дашбордтың функционалдық мүмкіндіктері нарықтарды динамикада және өңірлер бөлінісінде неғұрлым егжей-тегжейлі талдауға мүмкіндік беретінін атап өту қажет. Төменде «Тауарлық бетон» нарығының мысалында талдау келтірілген.

3-суретте «Тауарлық бетон» нарығы бойынша 2019-2023 жылдар кезеңіндегі динамикадағы нарықтың үш (топ-3), бес (топ-5) және он (топ-10) ірі қатысушылары үшін өндіріс көлемі бойынша шоғырлану коэффициенті (CR) көрсетілген.

Мәселен, 2023 жылы осы нарық бойынша үш ірі өндірушінің (топ-3) үлесі нарық бойынша көрсеткіштің жалпы көлемінің – 12,3%, бес ірі (топ-5) – 19,2%, он ірі (топ-10) – 31,6% құрады.

3-сурет. Тауарлық бетон нарығы бойынша бәсекелестік жай-күйінің көрсеткіштері



Дереккөз: «Бәсекелестік жай-күйінің талдамалық картасы» интерактивті дашбордтың деректері негізінде жасалды

Топ-3 үлесінің мәніне сәйкес (CR-3: $0 < 12,3\% < 45\%$), бұл нарық үшінші типке жатады - төмен шоғырланған нарықтар (яғни нарық бәсекеге қабілетті).


3б-суреттегі ННІ индексі «Тауарлық бетон» нарығы үшін 2023 жылы 0,017 құрады. ННІ индексінің мәніне сәйкес (ННІ: $0 < 0,017 < 0.1$) бұл нарық 3 тип – төмен шоғырланған нарықтарға-жатады (бәсекеге қабілетті).

Көрсеткіштер динамикасына келетін болсақ, осы тауар нарығында соңғы төрт жылда ірі компаниялардың үлесі өскені байқалады: топ-3 үлесі 2019 жылғы 10,1%-дан 2023 жылы 12,3%-ға дейін, ал топ-10 үлесі 26%-дан 31,6%-ға дейін өсті.

Бұл үрдіс өз кезегінде қарастырылып отырған тауар нарығы үшін «ННІ динамикасы» графигінде көрсетілген 2019-2023 жылдар кезеңінде ННІ индексінің 0,014-тен 0,017-ге дейін өсуінде көрініс тапты.

Өңірлер бөлінісінде тауарлық бетон нарығын талдау көрсеткендей, мысалы, 2023 жылы Шығыс Қазақстан облысы бойынша топ-3 үлесі 80,2%, ННІ индексі – 0,41 мәнін құрады (4-сурет). Жалпы ел бойынша нарықтың төмен шоғырлануына қарамастан, Шығыс Қазақстан облысында бетон нарығы жоғары шоғырланған болып табылады.

4-сурет. Шығыс Қазақстан облысы бойынша мұнай өнімдері нарығы бойынша бәсекелестік жай-күйінің көрсеткіштері



Қорытындылар

Дашбордтың деректері нарық динамикасы мен нарықтық шоғырлану көрсеткіштері туралы ақпаратты қоса алғанда, әртүрлі салалардағы нарықтық процестерді түсінуде **маңызды мәнге ие**. Бұл бәсекелестік орта мен монополияға қарсы саясат шараларының нәтижелері туралы кешенді түсінік береді.

Тауар нарықтары мен көрсеткіштерінің жеткілікті кең ауқымын ескере отырып, интерактивті дашбордты бизнес пен корпорациялар, инвесторлар, реттеуші органдар және кеңірек сарапшылар қауымдастығы нарықтағы бәсекелестікті жан-жақты талдаудың маңызды құралы ретінде пайдалана алады. Шоғырлану коэффициенті мен ННІ индексін пайдалану **нарық құрылымын тереңірек түсінуге, бәсекелестік жағдайларды бағалауға және негізделген шешімдер қабылдауға мүмкіндік береді**.

Алайда, кез-келген талдамалық құрал сияқты, дашбордта қазіргі уақытта ҚР заңнамасына сәйкес іріктемені пайдалану және құпиялылық талаптарын сақтау қажеттілігі бойынша деректердің шектелуі, сондай-ақ бәсекелестік туралы ықтимал толық емес түсінік сияқты шектеулер бар, себебі **есептік индикаторлар** сату бойынша деректердің жеткіліксіздігіне байланысты **балама көрсеткіштерге негізделеді** (сатушылар емес, өндірушілер бойынша есептеледі). Осы шектеулерді ескере отырып, дашбордтың деректерін нарықтардың жай-күйі бойынша шамамен нұсқаулық ретінде пайдалану ұсынылады.

Сонымен қатар, дашборд оны **визуализацияның перспективалы құралына** айналдыратын көптеген артықшылықтарға ие: ыңғайлылық пен пайдаланудың қарапайымдылығы, нарықтық тәуекелдерді ерте анықтау мүмкіндігі, қолданудың икемділігі (әр түрлі салалар мен аймақтарға бейімделуі мүмкін) және т.б. Одан әрі даму және оңтайландыру жағдайында ол бизнесте негізделген шешімдер қабылдау, инвестициялық стратегия, монополияға қарсы саясат және стратегиялық жоспарлау үшін құнды ақпарат көзі бола алады.

Тауарлық нарықтар, көрсеткіштер және дашборд деректерін қамту кезеңі

	№ р/с	Нарықтар	Нарықтар бойынша пайдаланылатын көрсеткіштер		Деректерді қамту кезеңі
Дашбордтардың 2-3 бөлімдері	1	Тауарлық бетон	1. Заттай көріністегі өндіріс көлемі 2. Заттай көріністегі ішкі жөнелту 3. Заттай көріністегі қалдықтар 4. Құндық көріністегі әкету (экспорттау) көлемі 5. Құндық көріністегі әкелу (импорттау) көлемі	<i>Есептік көрсеткіштер:</i> 11. Шоғырлану коэффициенті немесе ең ірі үш (бес, он) субъектінің үлесі (жалпы көлемге қатысты) 12. Герфиндаль–Хиршман индексі ¹	2019-2023 жыл 1-3 көрсеткіштер бойынша жылдық деректер 4-5 көрсеткіштер бойынша айлық деректер
	2	Майлар мен тоң майлар			
	3	Үй, қайта өңделген және консервіленген құс еті			
	4	Фармацевтикалық препараттар			
	5	Сүт өнімдері мен ірімшіктер			
	6	Ұн тарту өнеркәсібінің өнімдері			
	7	Мұнайды қайта өңдеу өнімдері			
	8	Дәмдеуіштер			
	9	Қант			
	10	Тас көмір			
	11	Жаңа піскен нан, кондитерлік өнімдер және пирожныйлар			
	12	Цемент			
	13	Электр энергиясы			
Дашбордтардың 4-бөлімі	14	Ұялы байланыс қызметтері	6. Ұялы байланыс абоненттерінің саны 7. Ұялы байланыс қызметтерінің көлемі	2021-2023 айлық деректер 2020-2023 айлық деректер	
	15	Жолаушыларды әуе көлігімен тасымалдау бойынша көрсетілетін қызметтер	8. Тасымалданған жолаушылар саны		
Дашбордтың 5-бөлімі	16	Жолаушыларды темір жол көлігімен тасымалдау бойынша көрсетілетін қызметтер	9. Жолаушылар айналымы	2020-2023 айлық деректер	
Дашбордтың 6-бөлімі	17	Тұрғын үй құрылысы	10. Пайдалануға берілген тұрғын ғимараттардың жалпы алаңы	2019-2023 айлық деректер	

¹ Дашбордта 1-13 нарықтар үшін Герфиндаль – Хиршман индексі «Тауардың (жұмыстың, қызметтің) өндіріс көлемі», «Экспорт көлемі» және «Импорт көлемі» көрсеткіштері бойынша есептеледі.

Дашбордта пайдаланылатын көрсеткіштер сипаттамасы

№	Көрсеткіш	Анықтамалар/Сипаттамасы
1	Өндіріс көлемі	Аумақ бойынша өндіріс көлемін талдау өндірістік белсенділік деңгейі жоғары немесе төмен аймақтарды анықтауға, өндірістің өсу немесе құлдырау тенденцияларын анықтауға және тиісті шараларды қабылдауға мүмкіндік береді
2	Ішкі жөнелту	Ішкі жөнелтілімдерді талдау ішкі нарықта тасымалданатын және сатылатын тауарлардың көлемін бағалауға мүмкіндік береді. Бұл көрсеткіш ел ішіндегі тауарларға сұраныс пен ұсынысты көрсетеді, сонымен қатар әрбір нарық субъектісінің жөнелтілімдердің жалпы көлеміндегі үлесін анықтауға мүмкіндік береді. Нақты тауар нарықтары бойынша бөлу жекелеген салалардың жай-күйі мен динамикасын толығырақ зерттеуге мүмкіндік береді
3	Қалдықтар	Қалдықтарды талдау тауарларға сұранысты және олардың бәсекеге қабілеттілігін бағалауға мүмкіндік береді, сонымен қатар ұсыныс пен сұраныс арасындағы мүмкін теңгерімсіздіктерді болжауға көмектеседі
4	Тауарды әкету (экспорттау) көлемі	Бұл көрсеткіштер елдің және аймақтардың сыртқы экономикалық қызметін бағалауға мүмкіндік береді. Экспорт пен импорт көлемін талдау сыртқы сауданың негізгі бағыттарын анықтауға, салалар мен жалпы елдің бәсекеге қабілеттілігін бағалауға, сондай-ақ сыртқы факторлардың экономикаға әсерін анықтауға көмектеседі
5	Тауарды әкелу (импорттау) көлемі	
Жекелеген нарықтарға тән көрсеткіштер		
6	Ұялы байланыс абоненттерінің саны	Бұл көрсеткіш ұялы байланыс операторларының клиенттік базасының көлемі мен динамикасын көрсетеді. Белсенді абоненттер санын талдау ұялы байланыс нарығындағы бәсекелестікті, операторлардың маркетингтік стратегияларының тиімділігін және тұтынушылардың қалауындағы өзгерістерді бағалауға көмектеседі
7	Ұялы байланыс қызметтерінің көлемі	Ұялы байланыс операторларының әр түрлі қызмет түрлерінен түсетін кірістерін талдау олардың нарықтың әр түрлі сегменттеріндегі кірістілігі мен тиімділігін бағалауға мүмкіндік береді. Кірістерді қызмет түрлері бойынша бөлу бизнестің басым бағыттарын және байланыс операторлары үшін негізгі кіріс көздерін анықтауға мүмкіндік береді
8	Тасымалданған жолаушылар саны	Тасымалданған жолаушылар санын талдау жолаушылар ағыны мен көлік құралдарының жүктемесін бағалауға көмектеседі
9	Жолаушылар айналымы	Бұл көрсеткіш жолаушылар тасымалы мен тасымалдау жұмыстарының көлемін бағалауға көмектеседі, жолаушылар санын әр жолаушы жүріп өткен қашықтыққа көбейтеді

10	Пайдалануға берілген тұрғын үйлердің жалпы ауданы	Бұл көрсеткіш тұрғын үй жылжымайтын мүлігін пайдалануға беру көлемін көрсетеді. Бұл деректерді талдау тұрғын үй құрылысын дамытудың қарқыны мен бағыттарын, тұрғын үйге сұранысты және әртүрлі аймақтардағы құрылыс салушылардың белсенділігін бағалауға мүмкіндік береді
Есептік көрсеткіштер (индикаторлар)		
11	Қазақстан Республикасы бойынша және өңірлер бөлінісінде нарықтағы ең ірі үш (бес, он) субъектінің үлесі (жалпы көлемге қатысты)	Нарықтың шоғырлану дәрежесін және ірі ойыншылардың үлесін бағалауға мүмкіндік береді. Ірі субъектілердің үлесін талдау бәсекелестік деңгейін, нарықтағы үстемдік дәрежесін және монополияландырудың ықтимал тәуекелдерін анықтауға көмектеседі. Нарықтағы ең ірі қатысушылардың белгілі бір санымен таңдалған көрсеткіш бойынша көлемнің барлық қатысушылардың осы тауар нарығындағы таңдалған көрсеткіш бойынша жалпы көлемге пайыздық қатынасы ретінде есептеледі
12	Герфиндаль–Хиршман индексі	Нарықтың шоғырлануын өлшеу үшін қолданылады. Нарықта жұмыс істейтін барлық кәсіпорындар үлестерінің квадраттарының қосындысы ретінде есептеледі (таңдалған көрсеткіш бойынша) және фракциялармен немесе пайыздармен өлшенуі мүмкін

Интерактивті дашборд деректер көздері

Дашборд бөлімі	Көрсеткіштер	Деректер көзі
2-бөлім	Заттай көріністегі өндіріс көлемі Заттай көріністегі ішкі жөнелту Заттай көріністегі қалдықтардың көлемі	1-П жылдық нысаны «Кәсіпорынның өнім (тауарлар, көрсетілетін қызметтер) өндіру және жөнелту туралы есебі» (ДК көлемдерін есепке алмағанда)
3-бөлім	Құндық мәндегі импорт көлемі Құндық мәндегі экспорт көлемі	1-ТС айлық нысаны «Еуразиялық экономикалық одаққа мүше мемлекеттермен өзара тауарлар саудасы туралы есеп»
4-бөлім	Ұялы байланыс абоненттерінің саны (бірлік) Құндық көріністегі ұялы байланыс қызметтерінің көлемі	3-байланыс айлық нысаны «Пошта және курьерлік қызмет және байланыс қызметтері туралы есеп»
5-бөлім	Тасымалданған жолаушылар саны Жолаушылар айналымы (жолаушы-километр)	1-көлік айлық нысаны «Көлік жұмысы туралы есеп»
6-бөлім	Пайдалануға берілген тұрғын үйлердің жалпы ауданы	2-КС айлық нысаны (заңды тұлғалар үшін) «Объектілерді пайдалануға беру туралы есеп» 1-ИС айлық нысаны (дара кәсіпкерлер мен жеке тұлғалар үшін) «Жеке құрылыс салушылардың объектілерді пайдалануға беруі туралы есеп»

Дашборд нәтижелерін ҚР БҚДА-ның 2022 және 2023 жылдардағы есептерінің нәтижелерімен салыстыру

#	Есепті жыл	Дашборд деректері				ҚР БҚДА деректері			
		Нарық	ННІ	CR3	Нарықтың шоғырлануы	Нарық (салыстырмалы)	ННІ	CR3	Нарықтың шоғырлануы
1	2022	Фармацевтикалық препараттар	0,75	97%	жоғары	Дәрілік заттарды өткізу нарығы	-	-	жоғары
2	2022	Электр энергиясы*	0,57	88%	жоғары	Электр энергиясын көтерме және бөлшек саудада өткізу нарығы	-	-	жоғары
3	2023	Жолаушыларды әуе көлігімен тасымалдау	0,48	100%	жоғары	Жолаушыларды әуе көлігімен тасымалдау нарығы	-	-	жоғары
4	2023	Ұялы байланыс қызметтері	0,35	100%	жоғары	Ұялы байланыс қызметтерінің нарығы	0,34	100%	жоғары
5	2022	Мұнайды қайта өңдеу өнімдері	0,29	91%	жоғары	Мұнай өнімдерін өткізудің көтерме сауда нарығы			жоғары
5.1.	2022	АИ-92 маркалы моторлы бензин	0,35	99,5%	жоғары	АИ-92 маркалы моторлы бензин	0,45	91%	жоғары
5.2.	2022	АИ-95 маркалы моторлы бензин	0,37	99,8%	жоғары	АИ-95 маркалы моторлы бензин	0,46	88%	жоғары
5.3.	2022	Авиациялық керосин	0,39	100%	жоғары	Авиациялық отын	0,38	81%	жоғары
5.4.	2022	Жазғы дизельдік отын	0,34	98%	жоғары	Дизель отыны	0,35	81%	жоғары
5.5.	2022	Қысқы дизельдік отын	0,43	95%	жоғары				
6	2023	Тұрғын үй құрылысы*	0,27	73%	жоғары	Тұрғын үй құрылысы нарығы	-	-	жоғары
7	2022	Тас көмір	0,26	65%	жоғары	Коммуналдық-тұрмыстық қажеттіліктер үшін көмірді өндіру және көтерме саудада өткізу нарығы	0,22	77%	жоғары
8	2022	Сүт және ірімшік өнімдері*	0,53	92%	жоғары	Қайта өңделген сүтті өткізу нарығы	-	-	жоғары

Ескертпе: ҚР БҚДА есептерімен қамтылған дашбордтың нарықтары көрсетілген

* белгіленген нарықтар бойынша ҚР БҚДА нәтижелерімен салыстыру үшін өңірлер бойынша орташа деректер пайдаланылды